27	Саяхат	1. Сенсорлық процестер көністіктік бағдарлауды дамыту мен		6.3.1.3 таңбалар қатарын (сандар) қайта жаңғырту;	1	04.04.24	
28				6.3.1.4 реттілік қатынастарын орнату: алдымен-садан кейін орындалған тапсырманы үлгімен салыстыру;	1	11.04.24	
29			1.1 Естіп қабылдауын дамыту	6.1.1.4 дыбыстың сипаттамасын өз бетінше белгілеу, сөздегі дыбыс орнын анықтау;	1	18.04.24	
30				6.1.1.5 сипаты әртүрлі шұлы дыбыстарды ажырату;	1	25.04.24	
31			1.2 Көріп қабылдауын дамыту	6.1.2.5 еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша көністіктік қарым-қатынастарды ойнату;	1	02.05.24	
32				6.1.2.6 үлгі бойынша 6-8 бөліктен тұратын суреттер құрастыру;	1	09.05.24	
33				6.1.2.7 сюжеттік суреттерді құрастыру таныс жұмыс бойынша сюжеттік суреттердің сериясын құру;	1	16.05.24	
34			1.3 Көністікте бағдарлануын дамыту	6.1.3.4 нысандардың көністікте орналасу белгілері мен қасиеті бойынша үқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;	1	23.05.24	



БЕКІТЕМІН:

«Еркіншілік ауылның жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Исатаева Б.Г.

2023 ж.

КЕЛІСЕМІН:

Мектеп директорының әдістеме
іci жөніндегі орынбасары
Байтасова Ш.Ш.

2023 ж.

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА каралды

Хаттама №
Бірлестік жетекшісі
Тиянах X.

2023 ж.

ТАҚЫРЫПТЫҚ – КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

ПӘНІ: «Бейнелеу өнері» сабакының бағдарламасы.

ПӘН МҰҒАЛІМ: Рахым Айгүл

СЫНЫП: 6 «ә»

Сынып; Үйде оқыту 6 «ә»

Оқу жоспары бойынша сағат саны; 34

I- жарты жылдықта 17 сағат, аптасына 1 сағат.

II- жарты жылдықта 17 сағат, аптасына 1 сағат.

Окулық авторлары; Алимсаева Роза Шариповна, Развенкова Ирина Александровна, Велькер Елена Евгьевна.

Бейнелеу өнері 6- сынып аптасына: 1 сағат, барлығы: 34 сағат

№	Аудиосалы тақырыптар	Сабактардың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	мерзімі	ескертү
1	1.Менің отбасым мен достарым	Суретші Әбілхан Қастеев	6.1.1.1.-Қазак ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің түрлі туындыларымен танысу.	1	04.09	
2		Сызықтар және штрихтер арқылы түрлі сызықтар салу;	6.1.2.1.-Графикалық материалдар мен құралдарды қарапайым деңгейде қолдану және тәжірибе жасау.	1	14.09	
3		«Күзгі пейзаж» сызықтық сурет	6.1.2.2.-Қарапайым деңгейде графикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану және тәжірибе жасау.	1	21.09	
4		Түс шенбері. Қарама қарсы түстер.	6.1.3.1.- Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, көркем материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	1	28.09	
5		Түстердің үйлесімі.	6.1.2.2.-Қарапайым деңгейде графикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану және тәжірибе жасау.	1	05.10	
6	2. Менің мектебім	Ою өрнектің түрімен танысу және сыйзу.	6.1.5.1.- Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, көркем материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	1	12.10.	
7		Зергерлік бұйымдар.	Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, көркем материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	1	19.10	
8		Дизайн өнері.	Дизайнның қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	1	26.10	
9		Менің мектебім.	6.1.6.2.-Модельдеудің қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	1	09.11	
10	3. Менің тұған өлкем.	«Өнер түрлері» саяхат сабагы.	6.2.1.1.-Өнер туындылары тақырыбымен және жұмыс жасайтын материалдармен танысу.	1	16.11	
11		«Көбелектер» түрлі түсті	6.2.2.1.-Жұмысты орындау графикасы мен	1	23.11	

		карындаштармен акварельмен сурет салу;	техникасының түрлерін білу:			
12		«Бұлтты күн» суланған қағазға акварельмен сурет салу.	6.2.3.1.-Жұмысты орындау үшін кескіндеме мен техника түрлерін білу.	1	30.11	
13		«Аққала» ермексазбен мүсіндеу	6.2.4.1.-Жұмысты орындау үшін кескіндеме мен техника түрлерін білу.	1	04.12	
14	4. Жыл мезгілдері.	Қазақ дастарханының суретін салу.	6.2.5.1.-Жұмысты орындау үшін кескіндеме мен техника түрлерін білу.	1	14.12	
15		Гүл ою гуашпен сурет салу.	6.3.5.2.-Сәндік өнеріндегі «жалпылау» үғымын білу, оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік қолданбалы өнер құралдары арқылы қолдану.	1	21.12	
16		.-«Карнавал бетпердесі» жасау Дизайн түрлерімен танысу.	6.2.6.1.-Жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және дизайнмен модельдеудің кейбір әдістерімен танысу.	1	28.12	
17		«Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін салу.	6.2.6.2.- Жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және дизайнмен модельдеудің кейбір әдістерімен танысу.	1	11.01	
18	5. Салт дәстүр және ауыз әдебиеті.	«Менің анам» түрлі қарындаштармен сурет салу.	6.3.2.1.-Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.	1	18.01	
19		Наурыз гуашпен сурет салу.	6.3.2.1.-Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.	1	25.01	
20		«Тау көрініс» пейзаж акварельмен сурет салу.	6.3.3.2.-Қоршаган әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау және есте сақтау бейнелер мен пішіндер арқылы бейнелеу.	1	01.02	
21		Футболшының мүсінін ермексазбен жасау.	6.3.4.1.-Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.	1	08.02	
22		Үй жануарларының мүсінін ермексазбен жасау.	6.3.4.1.-Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.	1	15.02	
23	6.Дені саудың жаны сау.	«Қозғалыстагы денені бейнелеу».	6.3.5.1.-Қоршаган әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау	1	22.02	

			және есте сактау бейнөлер мен пішіндер арқылы бейнелеу.		
24		Күргак пастельмен суретсалу Сырганақта.	6.2.5.2.-«Табиги формалар ұғымын білу және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу.	1	29.02
25		Кітапта бетбелгі жасау.	6.3.6.1.- Қоршаған әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау және есте сактау бейнөлер мен пішіндер арқылы бейнелеу.	1	04.03.
26		Табиги материалдар мен жануарларды бейнелеу.	6.3.6.2.-Қоршаған әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау және есте сактау бейнөлер мен пішіндер арқылы бейнелеу.	1	14.03
27	6. Табигат әлемі	«Жемістер» майлы қарындаштармен сурет салу.	6.4.2.1.-Графикалық материалдар мен құралдарды қарапайым деңгейде қолдану және тәжірибе жасау.	1	04.04
28		«Көкеністер» бормен немесе күргак пастельмен сурет салу.	6.4.2.2.-Графикалық материалдар мен құралдарды қарапайым деңгейде қолдану және тәжірибе жасау.	1	11.04
29		«Дәрумендер» акварельмен сурет салу.	6.4.3.1.-Көркем әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	18.04
30	8. Фажайыптар әлемі	Қы мезгілін акварельмен сурет салу.	6.4.3.2.-Көркем әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	25.04
31		«Ою өрнек» мұсіндік техникаларды шығармашылық жұмыста колдану.	6.4.5.1.-Мұсіндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	02.05
32		Алма коллажы	6.4.5.1.-Сәндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	16.05
33		Алма коллажы	6.4.6.1.-Сәндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	23.05
34		Ұлттық ою өрнектер суретін салу «Акварель бояумен	6.4.6.1.-Дизайн идеяларын шығармашылық түрде ұсыну, дизайн мен	1	

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім болімі
«Еркіншілік ауылдың жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры:

Исатаева Б.Г.

“31” “08” 2023 ж.

КЕЛІСЕМІН:

Директордың

ОДЖ орынбасары:

Байтасова Ш.

“31” “08” 2023 ж.

ҚУНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

2023 –2024 оқу жылына арналған

Үйден оқыту

Пәннің атауы: «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау»

СЫНЫП: 6 «Ә»

МҰГАЛІМ: Исатаев Бейбит Толеутайевич

БАРЛЫҒЫ: 34 сағат (аптасына 1 сағат)

Орта білім беру деңгейінің
6 сыныбы үшін
«Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оку бағдарламасына қосымша

Зейннің орта бұзылысы ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған орта білім беру деңгейінің 6 сыныбы үшін
«Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оку бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

Аптасына 1 рет, жылдық 34 сағат

№	Белімдер	Сабак тақырыбы	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ата-анамен байланыс
1	Денсаулық	Дене гигиенасы	6.1.1.1 өз бетімен денесінің, шашының тазалығын қадағалап, қажетті гигиеналық рәсімдерді орындай білу	1	01.09.2023	
2		Медициналық көмек	6.1.2.1 тұмау ауруларының белгілерін; тұмау ауруларын ескертү; санитар қызметін білу; емхана қызметін білу; тұрмыстық жаракаттар себебін; жаракат алғанда өзін өзі ұстау тәртібі;	1	08.09.2023	
3		Күн тәртібі	6.1.3.1 күн тәртібінің маңызы, дене мүшелерінің атауын білу;	1	15.09.2023	
4		Құлак	6.1.4.1 құлак қол, аяқ, тырнақ күтім ережесі;	1	22.09.2023	
5		Шаш	6.1.5.1 шашқа күтім жасау; шаш жуу; жеке гигиенасы;	1	29.09.2023	
6		Спорт	6.1.6.1 денені шынықтыру; спорттың маңыздысы; спорттағы қауырлыштық ережелер;	1	06.10.2023	
7		Дәріхана	6.1.7.1 дәріхананың маңыздысы; дәріхананың орналасуы;	1	13.10.2023	
8		Емхана	6.1.8.1 емхананың маңыздысы; емханага жазылуды білу; дәргермен сөйлесу ережесі;	1	20.10.2023	
9	Киім, аяқ киім	Маусымдық киім	6.2.1.1 киім, аяқ киім, бас киім түрлерін білу, маусым бойынша киінуді білу;	1	27.10.2023	
10		Киім киіну әдісі	6.2.2.1 маусым бойынша киім таңдауды білу; жыл мезгілдерге байланысты киінуді білу; киімдерді шкафта сақтауды үйрену;	1	10.11.2023	
11		Аяқ киім	6.2.3.1 аяқ киім түрлер, оның маңыздылығын білу;	1	17.11.2023	
12		Аяқ киім күту	6.2.4.1 базарда, немес дүкенде аяқ киім таңдауды білу; үй жағдайда аяқ киімдерді күтуді үйрену;	1	24.11.2023	

13	Тамактану	Көкөністер	6.3.1.1 көкөністер, шікі және піскен күйіндер колданылатын түрлерін білу;	1	01.12.2023	
14		Дастархан	6.3.2.1 тұсқі асқа дастархан жаюдың ержесімен реттілігін ұшақ және шанышқыны қолдану ережесін білу үстел басындағы тәртіпті білу; ас күралдарын, майлықты дұрыс және әдемі қолдануды дастархан басында өзін ұстау білуді игереді;	1	08.12.2023	
15		Ас дайындау гигиенасы	6.3.3.1 ас дайындағы гигиеналық талаптар піскен көкөністер, салат жасау тез дайындалатын консерванттарымен тағам дайындау білу;	1	15.12.2023	
16		Тұрғын үй түрлері	6.4.1.1 тұрғын үй түрлері: жатақхана, пәтерлер, жеке үйлер, пәтердегі тәртіп;	1	22.12.2023	
17		Киіз үй	6.4.2.1 киіз үйдің күрылымының ерекшелігін дөңгеленген жеңіл жиналатын жылу, көшуге ыңғайлы жатын бөлменің маңызын ондағы жиһазды білу;	1	12.01.2024	
18		Киіз үй жиһаздары	6.4.3.1 тұрмыстық заттарды киімдерді және керекті құралдарды киіз үйде сактау тәртібін, қонақ бөлменің маңызын қонақ бөлмеде жиһазды орналастыру ерекшелігін білу;	1	19.01.2024	
19		Үй тазалау	6.4.4.1 қүнделікті кезеңмен толық жиналады білу жұмсақ, жылтыратылған жиһазды күтуді білу; әртүрлі жерлерден шанды сүртіп алу, ғулге су құюды игеру;	1	26.01.2024	
20	Көлік	Қоғамдық көлік	6.5.1.1 жеке және қоғамдық көліктің маңыздылығын білу; қоғамдық көлікте жолаушы жүру ережелерін білу; қоғамдық көліктегі ереже сактау отыру мен бекеттерден тұсу кезіндегі, қоғамдық көлік жүргізушілердің қызметін білу;	1	02.02.2024	
21		Қоғамдық көлік түрлері	6.5.2.1 арнайы көліктердің жұмыс жасау бағыты; полиция, дәрігер, өрт сөндірушілер;	1	09.02.2024	
22		Автовокзал	6.5.3.1 автовокзалдың маңыздылығы; қала сыртына жүретін бағыттардың негізгі қызметі; жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың енбегі; автобус кестесі;	1	16.02.2024	
23		Теміржол	6.5.4.1 теміржол вокзалының маңыздылығы; пойыз жүретін бағыттардың негізгі қызметі; жолаушыларға қызмет көрсететін адамдардың енбегі; пойыз кестесі; пойыздығы ережелер; пойыздығы қауіпсіздік ережелері; адам және жук тасымалдайтын пойыздарға анықтама беру;	1	23.02.2024	
24		Аэропорт	6.5.5.1 аэропорт және оның қызметінің бағыты; ұшақ қызметін бағдарлауды; ұшақ кестесін үйрену; ұшақ қызметкерлерінің қызметін білу;	1	01.03.2024	
25		Қала бойынша қозғалыс бағыты	6.5.6.1 үймекен жайын білу;	1	15.03.2024 (08.03.2024)	
26		Мектепке бару жолы	6.5.6.1 мектепке бару жолын білу (бағыт, көлік түрі)	1	15.03.2024	
27		Көліктежәне жолда жүру тәртібі	6.5.7.2 қоғамдық көліктегі жүру тәртібін (отыру тәртібі, билет алу, көлік ішінде және сыртқа шығудағы тәртіп); трамвай мен втобустыайналып өтуді;	1	05.04.2024	

			жолқуру ережесінсактауды игереді			
28		Жол ережесі	6.5.8.2 жолдағы белгілердің магынасын; көліктентүскенненсон, жолдан өту ережесін; көлікті айналып өту тәртібін (трамвай, троллейбус, автобус); жолдағы аппатты жағдайдың болу себебін, аппатты жағдайдағы тәртіпті білу. Сырт сипатына қарап арнайы көліктерді ажыратуды; бағдар бойынша жолды шартты белгі көмегімен өтуді; көліктен шыққанда, көлікті айналып өтуді; Авариялық жағдайда өзін ұстау тәртібін игереді.	1	12.04.2024	
29		Автовокзал кестесі	6.5.9.2 автовокзал гимаратында бағдарлануды; автобустар жүру кестесін бағдарлай білуді жоғе автовокзалдың анықтама қызметтері н пайдалануды; жүккәне қол сөмкесін жинауды; жүк қоймасын пайдалануды игереді	1	19.04.2024	
30		Теміржол кестесі	6.5.10.2 теміржол вокзалының гимаратында бағдарлауды; пойыз жүру кестесінде бағдарлауды; вокзалдың анықтама қызметін пайдалануды; сатыпалуды (немесе тапсырыс беру); жүккәне қол сөмкесін жинауды; жүк қоймасын пайдалануды игереді	1	26.04.2024	
31	Отбасы	Отбасы құрамы	6.6.1.1 тегін өз атын, жақын туыстарын білу;	1	03.05.2024	
32		Ата тегі	6.6.2.1 тегін өз атын туыстарының туыстық жақындығын білу;	1	10.05.2024	
33		Отбасы қарым-қатынасы	6.6.3.1 ұлкендерге құрметпен қарай білу;	1	17.05.2024	
34		Отбасы мүшелерін бағалау	6.6.4.1 шаруасында көмек көрсету отбасы мүшелерінің еңбегін бағалай білу;	1	24.05.2024	

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бүйрүғына 99 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бүйрүғына 539 - қосымша

**Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін
ұлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларды заттардың пішінін, құрылымын, шамасын, түсін, олардың қеңістіктегі орнын дұрыс қабылай білуге және оларды бейнелеу құралдарының көмегімен бере білуге үйрету.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) графикалық дағдыларды және оларды оқу және тәжірибелік әрекеттерде пайдалана білуді дамыту және қалыптастыру;

2) жанасымдылық, кинестикалық, көру талдауыштарды тірек ете отырып, оларды бейнелеу процесіне қажетті материалдармен және құралдармен таныстыру;

3) тапсырманың мақсатын түсінуге және оны өздігінен немесе ересек адамның көмегімен орындауға, қимаулілдерді пайдалануға, нобай бойынша сурет салуға, бөліктерінің суреттерін аяқтауға, сызықтан шықпай бояуга үйрету;

4) бейнелеу өнеріне деген қызығушылықты қалыптастыру және қабылдауға қолжетімді бейнелу өнері шығармаларымен таныстыру;

5) білім алушылардың танымдық аймағындағы кемшіліктерді жүйелі және мақсатты бағытталған дамыту арқылы түзетуге көмектесу;

6) қимыл-қозғалыстық аймақты вариативтік және дүркін-дүркін қайталаңып отыратын сан алуан түрлі бейнелеу құралдарын және материалдарды пайдалана отырып түзету;

7) сәндік және тақырыптық сурет салу, тікелей заттың өзіне қарап сурет салу, оларды оқу, енбек процесінде және қогамдық пайдалы әрекетте пайдалану дағдыларын қалыптастыру; 8) білім алушыларда көркемдік талғамды, бейнелеу әрекетіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. 2 - тарау.

Оқу процесін ұйымдастырудагы педагогикалық тәсілдер 4. Бағдарламаның мазмұнында менгеру үшін құрылымы бойынша жеңілдетілген, қолемі бойынша қысқартылған, жинақтау деңгейі бойынша қарапайым, сондай-ақ білімнің осы саласына тән болатын, құрылымдық біртұтастығы сақталған білім жүйесі қарастырылады. 5. Бағдарламада оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабактасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша Бағдарламасының түбекейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады. 6. Құндылыққа, іс-әрекетке, коммуникативтік, тұлғаға бағдарлық тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты. 7. Тұлғалық бағдарланған білім беруді өзара қарым-қатынаста өктемшілікке жол бермей жүзеге асыру білім беру процесінің барлық қатысуышылары үшін әр түрлі үйлесімділіктегі дайындықты құрайтын оқытудың интербелесенді тәсілдерін пайдаланған кезде мүмкін болады. 8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарымқатынас үлгісіне айналдырады. 9. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мұдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де менгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады. 10. Бағдарламада «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мағынасын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын

Ұлесін айқындайды.

11. Оқу пәннің мазмұны ұсыным сипатында болады, мұғалім сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқу қарқыны мен мазмұнына кез-келген өзгерістер ендіре алады.

12. Күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың менгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, табысқа жетуге табандылықты дамытуға, өмір бойы оқып білуге уәждеуге бағдарланған.

13. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

14. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

15. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылудың, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

16. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілер байқалады.

17. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

18. Білім алушылардың жеке қарқында даму құқығын мойындау қағидасы әрбір баланың бірегей ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл қағиданы сақтау баланы оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндіктері мен даму деңгейін тұрақты түрде зерделеуді талап етеді. Дамудағы және дағдыларды менгерудегі кез келген, тіпті сәл ғана байқалған алға басу оқытудағы жағымды нәтиже болып есептеледі.

19. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім

берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы. 20. Білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы: 1) икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларга барынша жақын жағдайларда жүзеге асырылуға тиісті; 2) білім алушылармен сабак өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылуға тиісті; 3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып (демалыс, қымыл белсенделілігі мен санитарлық-гигиеналық шаралар және жабдықталған кеңістіктер) құрылады. 21. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады. 22. Оку-тәрбие процесінің әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша бейімдептілген оқыту және тәрбиелеу ортасының оқшау болуына және олардың қалыпты дамыған құрдастарымен өзара әрекеттеноңің шектелуіне байланысты білім алушыны күрделі қоғамдық ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді: 1) білім алушылардың өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым қатынасын олар үшін қолжетімді шамада кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту; 2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз кіруі үшін шыдамды және мейірімді қоршаған ортаны қалыптастырылады. Осы мақсатта мектептегі баланың жанұясымен және қоғаммен жоспарлы түрдегі жұмыс қарастырылады. 23. Оқыту процесі мазмұны жағынан да, сонымен бірге ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелуі мүмкін емес. 24. Оқыту процесінде келесідей әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді: 1) бала мен ересек адамның бірлескен әрекеті, еліктеу бойынша әрекеттено (әсіреле оқытудың бастапқы кезеңінде); 2) білім алушының әсіреле сәндік сурет салу сабактарындағы үлгі бойынша әрекеттері; 3) бейнелерді сұлбасы бойынша бояу; 4) бейнеленетін заттың бір тұтас бейнесін беру үшін қима үлгілерді салу және бойымен жүргізу тәсілдерін пайдалану; 5) затты алдын ала қолмен және қарау арқылы зерделегеннен, «суретін салғаннан» кейін суретті тікелей заттың өзіне қарап отырып орындау; 6) арнайы таңдал алынған суреттерді, халық ойыншықтарын алдын ала қарау, өздігінен атау, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша көрсету

25. Білім алушының мүмкіндігіне қарай оқыту барысында материалдың өту қарқынын баулатуға немесе арттыруға болады. Сабакты өткізу барысында білім алушылардың ұсынылған әрекетке деген қызығушылығын қолдауға, оларды тапсырманы орындауға бағдарлауға, оларды сабак бойы алғып жүрге көмектесетін ойын сәттерін ендіру, ойын кейіпкерлерінің қатысуы жағымды әсер етеді.

26. Классикалық музика бейнелеу өнері сабағының маңызды элементі болып табылады. Ол ерекше көңіл күй тудырып, сурет салу процесін ырғакты үйымдаструға көмектеседі, салынатын бейненің мәнерлілігін күштейтеді және оларды ойнанмен байланыстырады.

27. Ұсынылған мазмұн оқу жылдары бойынша бөлінеді, мұғалім әрбір сыныпты оқыту мазмұнын сол сыныптағы білім алушылардың даму деңгейі мен психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып таңдайды.

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың окудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, мектептік оқу табиғатының сәйкестігіне шартты болады.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың окудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

30. Бейнелеу әрекетін бақылау және білім алушылардың әрекеттерінің өнімін зерделеу бағалау әрекеттері болып табылады.

31. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушының жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

32. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериалды сипаттамалық бағалау тәсілін қолдану педагогтардың бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

33. «Бейнелеу өнері» пәнін оқыту кезінде курстың тәжірибелік бағытын күштейту тиімді болады. Оқу материалының басым бөлігі тәжірибелік тапсырмаларды орындауға беріледі.

34. Педагогикалық тәсілдемені жүзеге асыру оқыту мен үйретудің төмендегідей әр түрлі стратегияларын пайдалануды көздейді:

- 1) мұғалім мен білім алушының арасында сенімділік атмосферасын құру;
- 2) әрбір білім алушының пікірін тыңдау;

3) білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін, мұқият таңдалған тапсырмалар мен әрекеттер түрлерінің көмегімен оларды ынталандыра және дамыта оқыту;

4) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмаларды құру;

5) білім алушылардың жеке, топтық әрекеттерін және бүкіл сынып жұмысын үйымдастыру.

35. Аталған пәнді оқыту процесінде білім алушылардың акпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану дағдыларын дамыту үшін

3) тақырыптық сурет салу. Ойыншықтар дүкенінде (қарындаш, акварель). Қысқы орман (қарындаш, гуашь). Наурыз (қарындаш, акварель). Қектемгі көңіл күй (қарындаш, акварель). Жапсырмакұрақ. Мұсіндеу;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Үйеңкі жапырағы (қарындаш, акварель). Сүйікті жұмсақ ойыншығым (қарындаш, акварель). Өсімдігі бар гүлсауыт (қарындаш, акварель). Жол белгілері (қарындаш, гуашь). Балықтар (қарындаш). Қазақтың дәстүрлі киімдері, бас киімдері (қарындаш, акварель). Қараторғай үйшігі (қарындаш, акварель). Қоныздар (симметрия), (қарындаш, акварель). Шегіртке (симметрия), (қарындаш, акварель). Қектемгі гүлдердің суреттесmesi. Сауыттағы қектемгі гүлдер (қарындаш, акварель).

39. 7- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Қазақтың дәстүрлі кесіпптері. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Сәндік-қолданбалы өнер. Сәнді сурет салудың күнделікті өмірде қолданылу рөлі;

2) сәндік сурет салу. Қазақ оюын дөңгелекте құрау (табаққа сурет салу эскизі), (қарындаш, гуашь). Жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Жаңа жылдық ашық хат (қарындаш, акварель). Карнавалдық бетперде жасау. Қазақ оюын тікбұрышта құрау (сырмақ эскизі), (қарындаш, гуашь немесе жапсырмакұрақ). Көркем шығарманы иллюстрациялау (қарындаш, акварель). Дәстүрлі тұрмыстық заттар, оларды әшекейлеу (қарындаш, гуашь);

3) тақырыптық сурет салу. Күз басы (қарындаш, акварель). Даала (қарындаш, акварель). Табиғаттың күзгі сыйы (қарындаш, акварель). Цилиндр пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Менің үйім. Біздің мектеп. Жайлай (қарындаш, акварель). Терезе сыртында қектем (қарындаш, акварель). Жаз келді! (қарындаш, акварель). Мерекелер және айтұлы даталар;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Жемістер (қарындаш, акварель). Қекөністер (қарындаш, акварель). Дағыра (қарындаш, гуашь). Кофейник (қарындаш). Құрамдастырылған пішінді зат және оны өрнекпен безендіру (торсық), (қарындаш, гуашь). Құстар (қарындаш);

40. 8- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Халық шығармашылығы. Алтын адам. Графика (кітаптық иллюстрация, плакат). Қазақстанның сурет галереясы. Ұлы суретшілер. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнері;

2) сәндік сурет салу. Қазақ оюын дөңгелекте құрау (табаққа сурет салу эскизі), (қарындаш, гуашь). Жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Жаңа жылдық ашық хат (қарындаш, акварель). Карнавалдық бетперде жасау. Қазақ оюын тікбұрышта құрау (сырмақ эскизі), (қарындаш, гуашь немесе жапсырмакұрақ). Көркем шығарманы иллюстрациялау (қарындаш, акварель). Дәстүрлі тұрмыстық заттар, оларды әшекейлеу (қарындаш, гуашь);

3) тақырыптық сурет салу. Ыдысқа арналған қазақ оюы (қарындаш, гуашь). Ер адамның бас киіміне арналған қазақ оюы (қарындаш, гуашь). Мерекелер және айтұлы даталар. Қазақтың «Сызықты» оюы (қарындаш, қара

түшь). Қазақ оюын пайдалана отырып, түксіз кілемге ою құрастыру. Қазақтың «Кесіп алынған» оюы (жапсырмакұрақ). Басқұрға арналған оюлардың эскизін құрастыру (гуашь немесе жапсырмакұрақ); 4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. «Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы» (қарындаш, акварель). Тікбұрыш пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Қазақтың ұлттық музика аспаптары (қарындаш, акварель). Конус пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Құрделі пішінді зат (құрамды), (қарындаш, акварель). Шар тәрізді пішінді зат (қарындаш). 41. 9-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны: 1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Халық шығармашылығы мұражайында. Экскурсия. Бейнелеу өнері түріндегі архитектура. Әлем халықтарының сәндік-қолданбалы өнері. Әлемнің ірі мұражайлары; 2) сәндік сурет салу. Киімге арналған қазақ оюлары (қарындаш, гуашь). Ер адамның бас киіміне арналған қазақ оюын сәндік салу (қарындаш, гуашь). Жаңа жылға арналған плакат (қарындаш, гуашь). Қазақтың «Шілтерлі» оюы. Қазақтың «Шексіз» оюы (жапсырмакұрақ). Өрнекті лента эскизін жасау (қарындаш, гуашь). Әйел адамның бас киіміне арналған қазақ оюын сәндік салу (қарындаш, гуашь); 3) тақырыптық сурет салу. Құзгі қала (қарындаш, акварель). Туган дала (қарындаш, акварель). Тауда (қарындаш, акварель). «Жайлаудағы көктем» пейзажы (қарындаш, акварель). Мектеп ауласы (қарындаш, акварель). Мерекелер және айтулы даталар; 4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу.

Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы (қарындаш, акварель). Тікбұрыш пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Ыдыстағы жемістер (қарындаш, акварель). Цилиндр пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Қазақтың ұлттық музика аспаптары (қарындаш, акварель). Конус пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Менің бөлмем. Біздің сынып (қарындаш, акварель). Натюрморт «Дастархан» (қарындаш, акварель).

Құрделі пішінді зат (құрамды) (қарындаш, гуашь). Адамдар. Қымыз ішуге арналған ыдыстарға қарап сурет салу (қарындаш, акварель). 42. «Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтижелер түріндегі сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген. 43. Әрбір бөлімшениң ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезендерінен хабардар болуға мүмкіндік береді. 44. Бағдарлама келесідей бөлімдерді қамтиды: 1) 1-бөлім «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту»; 2) 2-бөлім «Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау»; 3) 3-бөлім «Шығармашылықты жобалау». 45. «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімі келесіде

Түсінік хат

КР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу аркылы қолдау туралы» Заңында ерекше білімді қажет ететін барлық балалар психолого-медициналық-педагогикалық қеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы дөлінген.

Беріліп отырған сабакта ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алуы мен тәрбиесімен қатар баланың қоршаған ортада өзін еркін ұстауға, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделуіне, өзіне қызмет етуіне көп көңіл бөлінеді.

Түзете-дамыта оқыту сыныбындағы өткізілетін әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу сабакында балалардың өзін-өзі басқара алуға, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге, тұрмыстық құралдармен жұмыстануға, мамандықтар туралы түсінік беріледі. Сабакта тәжірибелер, экскурсиялар, саяхаттар қарастырылған. Әлеуметтік-тұрмыстық білімі мен білігі бала бойында біртіндеп, жүйелі жалғасын тауып отырады.

Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау сабагы балалардың өз бетімен өмір сүрге және еңбек етуге әлеуметтік бейімделуіне даярлау және жалпы баланың жан жақты дамуын көтеру мақсатында бағытталған тәжірибелік жұмыстармен алмастырылып отырады.

Сабак оқушының өзіне-өзі қызмет етуге, үй шаруасын жүргізуге дағылануға, өзін қоршаған ортада бағыт табуға, ақыл ойы мен дene дамуы мүмкіншілігіне қарамастан шығармашылықпен жұмыс істеуге, түрлі электрлік, тұрмыстық приборлармен жұмыс істеуге, тұрғын үйін таза ұстауға, тамақ дайындауға, киім, аяқ-киімін күтүге, түрлі транспортта еркін жүргүре бағытталған. Сабакта баланың жас ерекшелігі мен жеке ерекшелігі ескеріледі.

Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау сабакында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады: рольдік, ұжымдық, топтық, жеке, дифференциалдық-топтық, әңгімелу, экскурсия, әңгіме-сұхбат, видеофильм, практикалық жұмыс.

Берілген сабактар психикалық дамуы тежелген балаларға арналған түзете дамыта оқытатын 8 сыныптарына қарастырылған.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 105 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 545 - қосымша

**Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің мақсаты - орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға айналасындағы болмысты сенсорлық қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасау, психикалық дамуын ынталандыру, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағытта ерікті іс-әрекеттерін қалыптастыру.

3. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің міндеттері:

- 1) түрлі талдауыштарға мақсатты бағытта жүйелі әсер ету арқылы сезімталдық тәжірибесін байыту;
- 2) көру, есту, тактильдік, кинестетикалық түйсігін дамыту;
- 3) көңістіктік-уақыттық бейімделуін қалыптастыру;
- 4) моторлық дағдыларын дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

4. Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту сабактарындағы мақсатты-бағытты жұмыс нәтижесінде білім алушыларды үйренеді:

- 1) сенсорлық эталондарға бейімделуді;
- 2) берілген белгілері бойынша заттарды тануды;

- 3) заттарды сыртқы белгілері бойынша салыстыруды;
- 4) заттарды формасы, көлемі, түр-түсі, функционалдық міндеттері бойынша топтастыруды;
- 5) түрлі белгілері бойынша заттар мен олардың бейнелерінің нұсқалық қатарын құрастыруды;
- 6) объекттер мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерін практикалық тұрғыда бөлуді;
- 7) қарама-қарсы іс-әрекеттер мен құбылыстарды ажыратуды;
- 8) өз іс-әрекетінің уақыт шенберін белгілеуді;
- 9) оқигалардың реттілігін белгілеуді;
- 10) кеңістікте бейімделуді;
- 11) нұсқаулық әрекеттерді мақсатты бағытта орындауды;
- 12) өз қымылы мен іс-әрекеттерін өз-бетінше келістіруді;
- 13) іс-әрекетін тілмен жалғауды.

5. Бағдарламада, орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға жекелік бағдарламалар құру барысында бағдарлық негіз болатын, түзеу жұмысы мақсаттарының болжамдық жүйесі тұжырымдалған. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта, сондықтан педагог жұмыс мазмұнына білім алушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай өзгерістер енгізуге құқына ие.

6. Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту келесідей оқу және түзету пәндерімен біріктіру арқылы жүзеге асырылады: «Айналадағы әлем», «Тәртіп мәдениеті», «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу», «Түзеу ырғағы», «Белсенді-қозғалыстық сипаттағы жекелік және топтық сабактар».

7. Оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерінің негізінде, айқын ақыл-ой кемістіктері бар тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізгі идеясы болып бүкіл әлемде қабылданған «тұрақтандырудың» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес, бүкіл түзеу-педагогикалық іс-шараларын жобалау барысында білім алушы негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

8. «Тұрақтандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың төмендегідей қағидалары қалыптастырылған:

1) білім алушыға, өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқында дамуы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бұл қағиданың ұстанымы бойынша, білім алушының жекелік бағдарламасының мазмұнын белгілеп алу мақсатында, оның мүмкіндіктері мен ілгерілмелі дамуын үнемі зерделеп отыру. Дамуы мен дағдыларды менгерудегі минималды жылжуын оқудың он нәтижесі деп тану;

2) білім алушының жеке мүмкіндіктерін және білімдік және тұлғалық жетістіктері мониторингі нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық оқу құралдарын педагог өз бетінше тандауы;

3) білім алушының практикалық іс-әрекеттері мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін мектепте тиісті орта құру, Білім алушылармен сабак өтетін бөлмелерді түрлі өмірлік жағдайларды қамтып көрсететін кеңістікке айналдыру. Пәндік орта білім алушының мұқтаждықтарының өзгеруіне орай қайта-қайта ауыстырылып отырады. Қабілеттері мен дағдыларының қалыптасуы осы дағдылар қолданылатын жағдайға максималды жақындастырып жүзеге асырылады;

4) білім алушылардың мектептегі күнделікті іс-әрекетінің біріктірілген сипаты. Барлық пәндер бойынша сабак біріктірілген сипатта жүреді;

5) ойлау қабілетінің, тілінің және қатынасының дамуы - әлеуметтену құралы ретінде болуы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тілінде, ойлау қабілетінде, қатынасында өзіне тән проблемалары болады, олардың орны педагогикалық құралдармен толтырылады. Білім алушының тілді түсінуі, вербалдық және вербалсыз қатынас құралдарының қалыптасуы, көрнекілік-әрекеттік ойлауының дамуы жұмыстарын кеңейту бойынша дәйекті жұмыс құрастырылады. Педагог білім алушының түсінігіне сәйкес тілді қолданады;

6) оқу-тәрбие процесінің әлеуметтендірушілік бағыттары: білім алушыларды мектептен тыс курделі әлеуметтік ортага енгізу (қоғамдық көлікпен жүргізу, дүкендерге, дәріханаға, поштаға, емханаға, музейлерге, театрға, кафелерге бару).

9. Оқу процесі мазмұны бойынша да, үйымдастыруышылық формалары бойынша да қатаң реттелмейді.

10. Білім алушылардың сабак кезіндегі белсенділігі мен дербестігін көрсететін негізгі іс-әрекеті ретінде тәмендегілер қолданылады:

- 1) табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;
- 2) заттық-практикалық іс-әрекет;
- 3) іскерлік ойындар;
- 4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік іс-әрекеттері;
- 5) әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекеттері;
- 6) жақын айналасындағы білім алушылар мен үлкен адамдармен қатынасы (микросоциум);

7) оқу іс-әрекеті (білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес).

11. Оқу-тәрбие процесі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың бүкіл оқу кезеңі ішінде заттық іс-әрекеті бойынша құрастырылады.

12. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» түзеу сабактары оқу және тұрмыс жағдайларында дербестік пен белсенділікке максималды негіздер құруға бағытталады.

13. Білім алушымен жүргізілетін нақты жекелік түзеу жұмысының мазмұны, оның психофизикалық жағдайы ерекшеліктерін тексеру нәтижелері бойынша, белгіленеді.

14. Тексеру барысында даму деңгейі ғана емес, сондай ақ жақын арадағы даму аймағы да анықталады. Бір мезгілде іс-әрекет компоненттерін менгергені

бағаланады: мотивациялық-бейімделушілік, операционалдық, бақылау-бағалаушылық.

15. Тексеру нәтижелері түзеу сабағын өткізу үшін ішкі топтар құру барысында айқындаушы болып табылады.

16. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәні шенберіндегі түзеу жұмысы, білім алушылармен әр оқу жылында жүргізілетін барлық жұмыс барысында жүріп отырады.

17. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалайтын бастапқы сәті болып, түзеу жұмысының жекелік бағдарламасында көрсетілген міндеттер табылады.

18. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Жекелік бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелерін мұғалім сабактың оқу процесі барысында бағалайды.

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізетін жұмыстардың барлығы негізіне кіретін «Диагностика мен түзеу-дамыту жұмысының бірлігі» атты арнайы педагогикасының қағидасына ере отырып, педагогтар бақылаушылық бағалау әрекеттерін жүйелі турде жүзеге асырады.

20. Бағалаушылық әрекеттеріне - білім алушының белсенділігін бақылау, ауызша жауптарын түзеу жұмысының жекелік міндеттерімен салыстыру, іс-әрекеттерінің өнімдерін зерделеу кіреді.

21. Білім алушылардың жетістіктері мен дамуының ағымдық бағалануы, олардың жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады. Арапық бағалану бірінші жартыжылдық біткен кезде жүзеге асырылады. Нәтижелердің қорытынды бағалануы оқу жылы аяқталғанда жүзеге асырылады. Түзеу жұмысының жекелік бағдарламасына сәйкес қабілеттері мен дағдыларының қалыптасуы жөніндегі бағалау пікірлер жекелік бағдарламада көрсетіліп жазылады.

3 - тарау. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» оқу пәнінің мазмұнын үйімдастыру

22. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

23. Түзеу курсын жүзеге асыру үшін арнайы материалдық-техникалық жабдықтау қажет, оның ішіне жабдықталған сенсорлық бөлме; кебу (шарлы) бассейн; жарықтық және дыбыстық әсері бар ойыншықтар мен заттар;

фактурасы, тұтқырлығы, температурасы, тығыздығы бойынша материалдар үлгілері; сенсолық панелдер кіреді.

24. Жұмыстың түрлері мен формаларын (жекелік, қосарлы, топтық) өткізу үшін сыныпта қозғалмалы жиһаздары қарастырылады. Кітап сөрелері мен білім алушылардың жұмыстарын көрсететін стендтер, көрнекі құралдар үшін орындар қарастырылады.

25. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер, сыныптар бойынша күтілген нәтижелер түрінде оку мақсаттарын қарастыратын, бөлімшелерді қамтиды.

26. «Психомоторикасы мен сенсорлық процестерін дамыту» пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

1) 1- бөлім «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік-уақыттық бейімделуін дамыту»;

2) 2- бөлім «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту»;

3) 3- бөлім «Зерделік саласын дамыту».

27. «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік-уақыттық бейімделуін дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) есту қабілетін дамыту;

2) көру қабілетін дамыту;

3) кеңістікте бейімделуін дамыту;

4) уақыттық бейімделуін дамыту;

5) тактильдік-қозғалыстық түйсігін дамыту;

6) дәм және иіс сезімін дамыту.

28. «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ұсақ моторикасын дамыту;

2) мимикасы мен и пантомимикасын дамыту;

29. «Зерделік саласын дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жадын дамыту;

2) тіл мен ойлау қабілетін дамыту;

3) қиялын дамыту;

4) зейінін дамыту.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың психофизикалық дамуының жекелік деңгейіне байланысты сыныптар арасында оқыту мақсатын қайта бөлуге болады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтау арқылы беріледі. Кодта бірінші сан сыныбын, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан – оқыту мақсатының нөмірлерін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодында: «6» – сыныбы, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 542 - косымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін
«Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оку бағдарламасы -тарау.

Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәнінен жаңартылған үлгілік оку бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» (бұдан әрі - ӘТБ) пәнінің мақсаты орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әр түрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда белсенді және дербес болуға ықпал ететін арнайы әлеуметтік-бейімдеушілік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

3. Оку пәнінің міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұрмыстық еңбектік дағдыларын қалыптастыру;
- 2) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелерде бағдарлауға (сауда, тұрмыстық қызмет, байланыс, мәдениет, медициналық көмек), ондағы қызмет түрлерін пайдалана білудін қарапайым дағдыларын үрету;
- 3) жақын және танымайтын орта адамдарымен қарапайым түрде тұрмыстық қатынас орнату;
- 4) психофизикалық даму кемшіліктерін түзеуге ықпал ету; сөздікті байыту және жүйелендіру; диалог пен монологты ауызша сөйлеуде дамыту.

2-тарау. Оку процесін ұйымдастырудығы педагогикалық тәсілдер

4. ӘТБ бойынша оку процестерін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогиканың принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

2 1) орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды дайындау және дамыту ерекшеліктері мен ерекшеліктеріне қойылатын білім беру жүйесінің бейімділік қағидасы;

2) орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудағы түзеудамыту бағыт олардың мүмкіндіктері мен білім алудағы айрықша қажеттіліктеріне байланысты оқыту қызметтері мен арнайы әдістерімен қамтамасыздандырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдік бағыттары тұлғаның әлеуметтік бейімделмеуінің алдын алады немесе оны азайтады. Білім алушыларға әлеуметтік өмірге қажетті дағдыларды, мінез-құлықтарының әлеуметтік нормаларын игерту бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамыту ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі зандылықтарын ашатын психологиялық ғылымның теоретикалық ережелеріне негізделеді. Және де ол ақыл-ой қалықтығы жеңіл тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипаттымен анықталады (пәндік-тәжірибелік және оқу);

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушының тәжірибелік қызметі арасында тығыз байланыс орнатуды, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен біліктерді қалыптастыруды қарастырады;

6) орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқытудағы дифференциалды және жекелей тәсіл бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндігінің әртектелігімен, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен көрінеді, ол алынған білім, дағды мен икемдерге ықпал етеді. Ақыл-оны кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру процесі типологиялық топтардың негізінде жүзеге асады (В.В. Воронкова бойынша). Эрбір типологиялық топтар үшін педагог балалардың мүмкіндіктеріне байланысты олардың күрделілігі мен көлемін есепке ала отырып оқу материалдарын дайындауды. Осылынан оқыту жұмыстарының қарқыны, білім алушылардың дербестілік деңгейі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленіп отырады. Білім алушыларды топтарға шартты түрде бөліну. Дифференциалды тәсіл оқытуды жекелендірумен толығады;

7) оқу-танымдық және тәжірибелік қызметке арнайы педагогикалық жетекшілік ету қажеттілігі танымдылық белсенділіктің төмен болуына, ойлаудың сараптамалық және жалпылама қызметтердің әлсіздігіне негізделеді. Ақыл-оны қалық білім алушылардың дербес оқу-танымдық қызметтері, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтар үшін киын болған жағдайда педагог оқу тапсырмаларын сәтті орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы қызметінің жетілмеген компоненттерінің қызметтерін өзіне алады. Педагог ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жалпы даму занылыштарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктерін, оқытудың 3 арнайы әдістемесін ұйымдастыруды және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайты.

5. Педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыру оқытудың әртүрлі стратегияларын пайдалануды қарастырады:

1) мұғалім мен білім алушы арасындағы сенімділік атмосферасын құру;

2) әрбір білім алушының пікірін тыңдау;

3) білім алушының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет ету түрлері және жіті тандалынып алынған тапсырмалардың көмегімен оқытуды дамыту және ынталандыру;

4) білім алушыға түсінікті тілдегі мысалдармен мәселелерді шешу стратегияларын үлгілеу;

5) білім алушының жекелей ерекшеліктерін есепке ала отырып дифференциалды тапсырмаларды құрау;

6) барлық сынып жұмысы мен білім алушының топтық, жекелей әрекеттерін ұйымдастыру.

6. Жекелей қарқында даму құқығын тану принципі әрбір баланың жекелей ерекшеліктерін сактауға мүмкіндік береді. Бұл принципті ұстану бала дамуын ұдайы зерделеп отыруды қарастырады, мақсаты оны оқытудың жекелей бағдарламаларының мазмұнын анықтау.

7. Педагогтың өзбетімен мазмұнды, әдісті, түр, дидактикалық құралдарды білім алушылардың жекелей мүмкіндіктерін, білімдерін және тұлғалық жетістіктерінің мониторингін таңдау принципі.

8. Білім алушылардың заттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда тиісті мектептік ортаны жасау принципі:

1) білімдері мен дағдыларын өздері қолданатын жағдайға мүмкіндігінше жақын қалыптастыру. Бұл білімдері мен дағдыларын жана жағдайларда қолдану киындық тудырумен байланысты;

2) кеңістікті, әртүрлі өмірлік жағдайлардың көрінісіне, заттық орта мезгілімен білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай өзгеріп отырады;

3) жайлы әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытушылық орта мектепте жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жасын және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

9. Мектептегі білім алушын күнделікті әрекеттернің кешенді сипатының принципі оку жоспарының бірнеше пәндік салаларының интеграциялық мазмұнын қабылдауды қарастырады, бұл мектепте оку кезеңінде пәнсіз оқыту идеясын іске асырады. Сабактар Бағдарламаның мазмұнын қолдана отырып, білім алушылардың жалпы дамуына бағытталған (карым-қатынастық, кимылдық, сөйлеу тілдік, сенсорлық).

10. Оқыту-тәрбиелеу процесіндегі әлеуметтік бағыт принципі. Оқыту және тәрбиелеу ортасы з шектетілгендейтін, барынша білім алушылардың ерекшелігіне қарай бейімделгендейтін, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан серіктестерімен араласуға мүмкіндік бермейтіндіктен, 4 баланы құрделі әлеуметтік ортаға косатын әлеуметтендеру шараларын жүргізу талап етіледі: 1) кезең-кезеңмен және біртіндеп білім алушының мүмкіндігіне сай өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту; 2) қоғамға жаңын жарапамай енгізу үшін, төзімді және қолайлы орта құру. Осы мақсатта мектептің жүйелі жұмысы баланың отбасымен және қоғаммен болу қарастырылады.

11. ӘТБ пәнін оқыту процесінде білім алушыларда акпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін жағдайлар жасалады. ӘТБ пәнін оқыту процесінде акпараттық-технологияларды қолдану мыналардан тұрады: 1) шынайы өмірлік ситуациялардағы еліктемелер, сондай-ақ оларды арай қарай түсіну үшін аталмыш ситуацияларды зерделеу үшін компьютерлік үлгілерді қолдану; 2) тәжірибелік тапсырмаларды шешуге арналған аудио-, видео материалдарды өндіреу, кескіндеме, кестелерді, мәтіндерді өндіреу үшін бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдалану; 3) тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезіндегі акпараттық коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың шығармашылық әдістері; 4) белгілі бір тақырып бойынша топпен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін электронды құралдар көмегімен материалдарды жинақтау және тәжірибе алмасу; 5) акпараттық-коммуникациялық технологияларды дербес қолдана алу дағдылары; 6) аудитория мен мақсаттарды анықтау үшін әртүрлі акпарат көздерінен материалдарды іріктеуді қосатын коммуникациялық дағдыларды дамыту; 7) электронды оқулықтарды пайдалану.

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабакта белсенділігі мен өз бетімен жұмысты дамытатын негізгі шара түрлері: 1) тірі және өлі табиғатты және әдеуметтік өмірдің құбылысын бақылау; 2) заттық-тәжірибелік әрекет; 3) ойын әрекеті және ойын қызметі; 4) тұрмыстық-еңбектік қызмет; 5) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет.

13. ӘТБ пәнінде педагогикалық іс-шаралары білім алушының жеке белсенділігін дамытуға бағытталған.

14. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалдарын игеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада ұсынылған мақсатқа негізделген және білім алушыларын оқу жетістіктерін бағалау және тексеруді үйідастыр кезіндегі ортақ тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

15. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Бағдарламаны игеру нәтижелері 5 сабак барысында тікелей мұғалім арқылы бағаланады. Ақыл-оюы кем білім алушылармен жұмыс жасаудың негізі саналатын «диагностика және түзеудамыту жұмыстарының бірлестігі» арнайы педагогиканың қағидасына сүйене отырып педагогтар бақылаушы бағалау қызметтерін жүзеге асырады.

16. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижесін бағалау ағымдық (сабак барысындағы), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асады.

17. Ағымдық бақылау сабактағы білім алушылардың әрекеттеріне бақылау жасау, тәжірибелік және өзіндік жұмыстарға талдау жасау, қызметтің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асады. Оның нәтижелері сабак карточкаларына тіркеледі (сабактың акпараттық картасы, сабак конспектісі). Сабакқа бақылау жасау оқу процесінің сапасын қамтамасыздандыру үшін педагогпен қолданылатын оқыту әдістері мен мазмұнын түзету максатында жүргізіледі. Мұндай бақылау сондай-ақ ынталандыруши жә

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 102 - косымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 542 - косымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған сынныптары үшін «Шаруашылық еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сынныптары үшін «Шаруашылық еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес өзірленген. 2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға құнделіктегі тұрмыстық жағдайларда тәуелсіз болуға мүмкіндік жасайтын, құндеңі өмірде қажет болатын іскерліктерді білім алушыларда қалыптастыру. 3. Негізгі міндеттер: 1) тұрмыстық заттарды олардың қажеттілігіне сәйкес пайдалану үйрету; 2) тұрмыстағы қауіпсіз жұмыс ережелерін, санитарлық-гигиеналық нормаларын ұстануды үйрету; 3) жеке нәрселерін, жакын айналасындағы заттарды пайдалану іскерліктерін қалыптастыру; 4) арнаулы жабдықтар мен материалдарды тұрмыстық заттар мен жеке нәрселер үшін пайдаланудың әдістеріне үйрету; 5) сабактарға қызығушылықты ұстап тұру, басқа білім алушылар мен ересектермен өзара әрекет жасау іскерліктерін қалыптастыру.

2-тарау. Оқу процесін үйымдастырудагы педагогикалық тәсілдер 4. Оқу бағдаламасында оқу-нормативтік құжаттың үрдісті функциялары, білім беру процесін үйымдастыруға деген арнаулы педагогикалық ұстанымдардың сипаттамаларымен сәйкестендіріледі. 5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған, коммуникативтік тәсілдер, оқу мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, Бағдарламаның жаңа құрамында көрініс тапты. 6. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді күшету, білім беру процесінде барлық қатысуышылардың өзара қарым-қатынасында әктемшілікке жол бермей, ынтымактастыры үшін алғышарттарды құрайтын оқытуудың алуан түрлі интербелсенді әдістері қолданылады. 7. Білім беруді үйымдастыруға деген барлық арнаулы ұстанымдар, ақыл-ой даму бұзылысы орта деңгейдегі білім алушыларды оқытууды үйымдастыруды нақты заттың-практикалық іс-әрекет, уақығалар аясындағы білім мен іс-әрекеттермен белсенді нақты істер мен уақығаларымен алмасу кезінде үйымдастыруға бағытталады. 8. Ақыл-ой бұзылысы орташа деңгейдегі білім алушыларға арналған Бағдарламаның мазмұны ұсыным сипатында болады. Педагогтың сынныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен оның білім алудағы ерекше қажеттіліктерін сәйкес Бағдарламаның мазмұны мен оқыту карқынына кезкелген мәдениеті», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану» пәндерімен байланыс орнатылады. 10. Оқу процесін үйымдастыру тәсілінің

негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін үйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бұкіл әлемде қабылданған «қалаптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептегі нұктесі болып табылады. 11. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай ақ қоршаған отраның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тұдыруды да қамтиды. 12. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеу процесін үйымдастыру қағидалары қалыптастырылған: 1) білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сактай отырып, дербес қарқында даму құқығын тану қағидасы. Бұл қағиданы сактау білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілемей дамуын үнемі зерделеуді білдіреді. Дамудағы және дағдыларды менгерудегі кез-келген, тіпті ең аз деген ілгері басуды оқытудағы жағынды нәтиже деп қабылдау; 2) педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұн, тәсілдерін тұдін, дидактикалық құралдарды олардың жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесінесепке ала отырып, өзгілінен таңдау қағидасы; 3) білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды З қалыптастыру үшін қажетті мектеп ортасын құру қағидасы. Білім алушылармен сабак өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылуғ тиісті. Заттық орта білім алушылардың қажеттіліктерінің өзгеруіне сәйкес дүркін-дүркін өзгеріп отырады; 4) білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерінің кіріктірілген сипаттағы қағидасы. Барлық оку пәндері бойынша сабак кіріктірілген сипатта болады; 5) ойлауды дамыту, сайлау тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретіндегі қағида. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнектілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады; 6) оку-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушыларды мектеп сыртындағы курделі әлеуметтік ортага енгізу. 13. Білім алушылар сабактың үйымдастырылуына мұқтаж болады: олар іс-әрекет түрлерін қашан қажет болғанда алмастыра алады, жеке жұмысты орындаиды және педагогтық жеке көмегін алады. Жас өспірімдерге сабак кезінде сынып бөлмесінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі. 14. Білім алушылардың белсенділігі мен дербестігінің дамуы байқалатын негізгі әрекеті ретінде сабакта тәмендегілер қолданылады: 1) адамдардың әлеуметтік өмірі мен әрекеттеріндегі құбылыстарды бақылау; 2) заттық-практикалық іс-әрекет; 3) іскерлік ойындар; 4) білім алушылардың шаруашылықтық-еңбектік іс-әрекеті; 5) әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекет; 6) жақын ортасындағы микросоциумдағы білім алушылар мен ересектер кліммуникациясы; 7) оку іс-әрекеті (білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес). 15. Бағдарлама білім алушылардың «Өзіне-өзі қызмет ету» пәннің шенберіндегі алынған дайындығы есеріліп құрастырылған. Оның концептірлік спиральдік құрылымы бар, ол үйренген дағдыларына қайтып келуге және оларды жетілдіруге мүмкіндік жасайды. 16. Әрбір білім алушы үшін практикалық жұмыстардың мазмұны мен көлемі медициналық ұсыныстар ескеріліп, әрқайсысы дербес түрде анықталады. Мұгалімнің сабактың мазмұнына білім алушылардың ерекше білім қажеттіліктерін ескере отырып, өзгерістер енгізу құқына ие. 17. Бір сабактың шенберінде сынып білім алушылары курделігі әртүрлі тапсырмаларды орындаиды. Білім алушылар ұжымдық жұмысқа қолдан келгенше қатысады, мұгалімнің көмегімен жасайды, оған бір мезгілде орындалатын, көрсету бойынша іс-әрекет, үлгі бойынша іс-әрекет, ауызша инструкция бойынша берілген әрекет, бейімделген технологиялық карталарды, пиктограмма, суреттер, фотосуреттерді қолданып көзбен шолуға болатын 4 инструкцияларды қосуға болады. 18. Бар тақырыпқа біріктірілген шаруашылықтық енбек пен әлеуметтік тұрмыстық тұрғыдан бағдарланған сабактарының бірінен соң бірі өткізіледі. Оқыту процесінде үлкен рөл қайталау мен дағдыларды бекітудегі жаттығуларға беріледі. Үздіксіз тұрдегі қайталау, білім алушының дербестік дәрежесін және қалыптастасын дағылар күйінің диагностикасы үшін жағдайлар жасайды. 19. Білім

алушылардың оку жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік окуйның табиғатына сәйкестігіне шартты болады. 20. Ақыл-ой даму бұзылысы орташа деңгейдегі білім алушылардың жеке оку бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланалады. 21. Оқытудың жеке бағдарламасы оның мүмкіндіктері тұралы мәліметтер негізінде, 1-4 сыныптардағы «Өзіне-өзі қызмет ету» пәні бойынша өқалыптасқан дағдылар деңгейін есепке ала отырып құрастырылады. 22. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабактарда тікелей бағаланады. 23. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін ақыл-ой жеткілікті түрде дамымаған білім алушылармен жүргізілетін барлық педагогикалық процесінің қурыуна негіз болатын арнайы педагогиканың «диагностика мен түзете дамыту жұмысының бірлігі» қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асарады. 24. Бақылау, білім алушы әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра тырып бағалау әрекет болып табылады. 25. Ақыл-ой даму бұзылысы орташа деңгейдегі білім алушылардың жетістіктерін бағалау рәсімдері мынадай реттілікте болады: 1) білім алушылардың білім мен дағдыларын, даму деңгейлерін алдын-ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейімін құру; 2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымды бағалау. Ол білім алушылардың сабак барысындағы жұмысын құнделікті бақылау арқылы жүзеге асыралады; 3) аралық бақылау бірінші жарты жылдық аяқталғанда орындалады. Жетістіктердің қорытынды бағасы оку жылы аяқталғанда қойылады. Оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес іскерлік мен дағдылардың қалыптасуының табысты болуын бағалау туралы пікірлек жеке бағдарламада тіркеледі. 26. Білім алушылардың қол жеткен табыстарын жеке бағдарламада сипаттау кезінде олардың іскерліктер мен дағдыларды өздігінен игеру дәрежесі көрсетіледі: өздігінше, ұлғі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірігіп жасалған әрекеттерінің көмегімен. 5

3 - тарау. «Шаруашылықтық еңбек» оку пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 27. «Шаруашылықтық еңбек» пәні бойынша оку жүктемесінің қөлемі: 1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оку жылына 34 сағат; 228. Шаруашылықтық еңбек бойынша сабактарды өткізу үшін әлеуметтік-тұрмыстық бағдардағы кабинет немесе Бағдарлама мазмұнына сәйкес құрал-саймандармен жабдықталған арнаулы кабинет пайдаланылады. 29. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды: 1) 1-бөлім «Тұрғын жай мен тұрмыстық заттардың күтімі»; 2) 2-бөлім «Киім мен аяқ киім күтімі»; 3) 3-бөлім «Өсімдіктердің күтімі»; 4) 4-бөлім «Үй тұлектерінің күтімі». 30. «Тұрғын жай мен тұрмыстық заттардың күтімі» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) тұрғын жай күтімі; 2) тұрмыстық заттар күтімі. 31. «Киім мен аяқ киім күтіміне» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) киім заттарының күтімі; 2) аяқ киім күтімі. 32. «Өсімдіктер күтіміне» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) үй өсімдіктерінің күтімі; 2) гүлбак пен бақ өсмдіктерінің күтімі. 33. «Үй тұлектерінің күтіміне» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) жануарлар күтімі; 2) құстар күтімі.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі 34. Бағдарламада оку мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оку мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.1.1.2 кодындағы «5» – сыннып, «1.1» – бөлімше, «2» – оку мақсатының реттік саны. . Оқыту мақсаттарының жүйесі: Тұрғын жай мен тұрмыстық заттар»: -кесте

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 94 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 534 - қосымша

Зейіннің орта бұзылысы ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін
«Сөйлеуді және қарым-қатынасты дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оку бағдарламасы (окыту қазақ тілінде)

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Зейіннің орта бұзылысы ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бсыныптары үшін «Сөйлеуді және қарым-қатынасты дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оку бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Сөйлеуді және қарым-қатынасты дамыту» оку пәнінің мақсаты: білім алушыларда нақты өмірлік жағдайларда көмектесетін қол жетімді (вербальды емес және вербалды) қарым-қатынас құралдарын, оку мен жазудың қарапайым дағдыларды қалыптастыру.

3. Оку пәнінің негізгі міндеттері:

- 1) қаратылып айтылған сөйлеу тілін түсіну дағдыларын дамыту және жетілдіру;
- 2) қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- 3) білім алушылардың өз бетінше сөйлеу тілін дамыту және жетілдіру;
- 4) оку мен жазудың қарапайым дағдыларын дамыту;
- 5) сөйлеу белсенділігіне итермелеші оку және жазуга үйрету процесімен байланысты жағымды көніл-күйді қалыптастыру;
- 6) өмірлік жағдайларда қарапайым оку мен жазудан алған білім мен дағдыларын колдануға үйрету.

6-сыныпқа арналған «Сөйлеуді және қарым-қатынасты дамыту» оку пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыстар мен әріпттер: сөздегі дыбыстар мен әріпттердің сәйкес келуі; дыбыстар, оларды негізгі белгілері бойынша ажырату: дауыстың бар болуы немесе жок болуы; бейнеленуі ұксас әріпттерді жазудаажырату; бір әріп арқылы ерекшеленетін сөздерді ажырату. Бірдей элементтердің саны (И-Ш), элементтердің бірінің бар болуы немесе болмауы (Г-П), бейнеленуі бойынша ұксас әріпттерді салыстыру;

2) сөздер: «Е, Ё, Я, Ю» әріпттері бар сөздер. Дауыстылардың ызын дыбыстармен тіркесу: жи-ши, ча-ща, чу-шу; жазу техникасын жетілдіру: нұсқау бойынша жазбаша жаттығуларды орындау. Жазба және баспа мәтіндерінен көшіріп жазудағы жаттығулар. Айтылуы жазылуымен сәйкес біріккен сөздерді жатқа жазу;

заттардың атауын білдіретін сөздермен тәжірибелік танысу, оларды сейлеу тілінде бөліп көрсете алу, «Кім?», «Не?» сұраптары бойынша ажырату. «Кім?», «Не?» сұраптары бойынша заттарды атау және оларды ажырату мұғалімнің берген тақырыптарына «Кім?», «Не?» сұраптарына жауап беретін сөздері іріктеудегі жаттығулар. Бір затты және бірнеше бірдей заттарды атау; адамның атындағы, тегіндегі, жануарлардың лақап атындағы бас әріп. Ұғымдарды ажырату: затты және адам мен жануардың атын атау. Зат атауларын және адамдарға ат тандаудағы жаттығулар;

3) сөйлемдер: сөйлем басындағы бас әріп. Сөйлем соңындағы нүктे.

Түсінік хат

Жеке жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

2023-2024 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» НҰСҚАУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ХАТ

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру стандарттары) (Республика Білім министрінің бұйрығы) КР 03.08.2022 № 348, өзгерістер енгізілді - 23.09.2022 № 406);

Жаңартылған мазмұнға негізделген бастауыш білім беру деңгейіндегі 6 сыныптардағы женіл психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған «Адам және әлем» академиялық пәннің үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20қыркүйектегі №469 бұйрығына 97-қосымша.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы (28-қосымша)

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін жүргізуге қажетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 04.06.2006 ж.) бұйрығы. /№ 130, өзгеріс енгізілді - КР Білім министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы Зсөуірдегі №115 бұйрығына 537-қосымша

Орта ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған орта білім беру деңгейінің «Санау» 6 сыныбы үшін жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны төмендегілерді қамтиды:

1) **1-бөлім «Нөмірлеу»;**

2) **2-бөлім «Арифметикалық амалдар»;**

3) **3-бөлім «Шамалар»;**

4) **4-бөлім «Көрнекі геометрия элементтері»;**

5) **5-бөлім «Арифметикалық амалдар**

1) **нөмірлеу.** 40-ға дейін нөмірлеуді қайталау. 40-0а дейін заттық және дерексіз санау, 1-ден 40-ға дейінгі сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттілігі, 1-ден 40-ға дейінгі сандарды салыстырудың қарапайым

амалдары, шартты көрнекіліктерді қолдана отыра 11-ден 40 қа дейінгі заттық-практикалық әрекеттегі сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 40-ға дейінгі сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекіліктерді қолдана отыра қосу мен алуның практикалық әрекеттері, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдері: 1, 2, 5, 10, 20, 50 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Уақыт өлшемі: кеше, бүгін, ертең, апта күндері, ай, жыл. Кеңістіктегі ұғымдар: өзінің дене мүшелері мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Оқу, тұрмыстық және өмірлік жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуralар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопак, шар, куб, діңгек. Модельдерді сипау, үстінен сызу, әртүрлі материалдардан жасау. Нұкте, тұзу, қисық сзыық. Сызғыштың көмегімен түзуді сызу. Сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру;

5) арифметикалық есептер. Білім алушыларға түсінікті заттық және дерексіз санауға негізделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесі бар драматизация-есептер мен көрнекі есептер.

Түсінік хат

Жеке жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:
«2023-2024 оқу жылында ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» НҰСҚАУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ХАТ

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру стандарттары) (Республика Білім министрінің бұйрығы) КР 03.08.2022 № 348, өзгерістер енгізілді - 23.09.2022 № 406);

Жаңартылған мазмұнға негізделген бастауыш білім беру деңгейіндегі 6 сыныптардағы женіл психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған «Адам және әлем» академиялық пәнінің ұлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 97-косымша.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы (28-косымша)

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін жүргізуге кажетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 04.06.2006 ж.) бұйрығы. /№ 130, өзгеріс енгізілді - КР Білім министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 537 - қосымша

Орта ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған орта білім беру деңгейінің «Адам және әлем» 6 сыныбы үшін жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы

1. Зейіннің орта ақыл-ой, көздің көру қабілетінің тәмен кемістігі бар білім алушыларға арналған 6 сыныптары үшін «Адам және әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Адам және әлем» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың орта сыныпта алған қоршаган әлем туралы түсініктерін кенейту және бекіту, қоршаган әлемде бағдарлаудың тәжірибелік тәсілдерін дамыту, өмірлік қажетті дағыларды мен икемділіктерін қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:

- 1) қоршаган әлемде тәжірибелік бағдарлау үшін қажетті икемділіктер мен дағыларды, табигаттағы қауіпсіз тәртіпті қалыптастыру;
- 2) өз деңсаулығын сактау және күту дағыларын қалыптастыру;

3) адекваттық әлеуметтік тәртіп қалыптастыру.

Оку материалы бөлімдерге бөлінеді:

- 1) 1-бөлім «Өлі табиғат»;
- 2) 2-бөлім «Тірі табиғат»;
- 3) 3-бөлім «Адам ағзасы»;
- 4) 4-бөлім «Менің Отаным».

3. «Өлі табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістер;
- 2) аяу райы;
- 3) табиғат күбылыстары.

4. «Тірі табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бөлме өсімдіктері және гүлзардағы өсімдіктер;
- 2) ағаштар мен бұталар;
- 3) бақ және бақша өсімдіктері;
- 4) саябак өсімдіктері;
- 5) орман өсімдіктері;
- 6) егістік пен шабындық өсімдіктері;
- 7) дала мен шөл өсімдіктері;
- 8) жануарлардың сан алуан түрі;
- 9) үй жануарлары мен үй құстары;
- 10) жабайы жануарлар мен құстар.

5. «Адам ағзасы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) адам және оның денесі;
- 2) адам және оның өмірі.

6. «Менің Отаным» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1. менің қалам (ауылым);
2. менің елім.